## ҚОРЫТЫНДЫ

Колледждің өзін-өзі бағалауы, «№1 колледж» МКҚК арасындағы «техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес дербес әзірлейді және тестілерді өткізу нысанын (бұдан әрі – тестілік бақылау) таңдайды, "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығының өзгерістеріне сәйкес, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары басшылық алына отырып өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы №384 бұйырығымен бекітілген техникалық кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМБС негізінде оқу жұмыс жоспары жасалынып, оқу үрдісі талапқа сай жүргізіледі.

Соңғы үш жылда кемінде 72 сағат көлемінде тағылымдамадан өткен арнайы және өндіріс шеберлері еңбек өтілдеріне қарай толық қамтылған.

Тиісті бейін бойынша 5 жыл ішінде 180 сағат көлемінде өткен штаттық педагогтердің біліктілікті арттыру курстары да жүзеге асырылды.

Ұлттық құндылықтарымызбен патриоттық тәрбиені қалыптастыру, тәрбиенің маңызды компоненттерін іс жүзіне асыру біздің колледжімізде осы тәрбиенің саласын жақсарту мақсатында «Sanaly urpaq» кеңсесі, «Парасаттық мектебі», «Студенттерді өзін-өзі басқару» кеңесі, «Адалдық алаңы», «Достық клубы», «Жастар пікір-сайыс клубы» жұмыс жүргізеді. Жыл сайын ұлттық құндылықтар мен қатар патриоттық тәрбиені нығайту және оны дамыту мақсатында жаңаша идеялар мен жоспарлар құрылып, тәрбиенің басым бағыты осы ұлттық құндылықтарымызды сақтауға және оны насихаттауға арналған.

Колледжде оқушылардың әлеуметтік серіктестіктерде, кәсіпорындарда сапалы кәсіби тәжірибе өтуіне алғы шарттар қалыптасқан. Кәсіби практиканы

ұйымдастырудың жаңа механизмдерін ойластыру,жобалар жасау бағытында жұмыстар атқарылуда.

Worldskills чемпионатына қатысушы өзіне берілген тапсырмаларды орындай отырып, жеке және ұжымдық сапасын, техникалық қабілеттерін көрсетеді. Worldskills чемпионатына қатысу жұмысшы мамандығының мәртебесінің артуына игі ықпалын тигізіп отыр, қатысушылардың тұрақты жұмысқа орналасуына да мүмкіндік беріп отыр.

Дуалды оқыту жүйесі – теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Колледж жұмыс беруші әлеуметтік серіктестіктермен үш жақты келісім-шарт жасай отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа заманауи технологияларды, инновациялық технологиялық бағдарламаларды меңгере алатын білікті мамандарды даярлап келеді.

Колледжде бітіруші түлектердің тиімді жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету үшін келесі жұмыс бағыттары жүзеге асырылды:

- Түркістан облысы және оңтүстік өңірі бойынша жұмыс берушілермен қарым-қатынас жасау;
- Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша және бос жұмыс орындарының жиынтық мәліметтерін жасау;
- Түлектердің мәліметтер базасын қалыптастыру, жәрмеңке, дөңгелек үстел, сұхбат және т.б. шаралар ұйымдастыру;
- Жұмыспен қамтылған түлектермен коммуникативті ортаны құру, әріптестік қарым-қатынас орнату.

«№1 колледж» МКҚК білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

**Кемшіліктер мен ескертулер:**

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін Ұлттық біліктілік тестілеуден өту кезеңінде арнайы пәндер оқытушыларының тесттерін жүйелендірсе;

2. Тәрбие жұмыстарының ішінде аналар кеңесі мен әкелер мектебінің жұмыстарын жандандыру, қосымша клубтар мен ұйымдар санын арттыру;

3. Кәсіби практиканы ұйымдастыруда аудан көлемінде техникалық мамандықтар бойынша ірі кәсіпорындар санының аздығы;

4. Worldskills чемпионатына дайындық жұмыстарын тәжірибе алмасуға облыста ғылыми инновациялық орталықтың болмауы;

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған өлшем шарттар.**

| № р/с | Бағыттар және бағалау өлшемшарттары | Баға | Өлшеуіштер |
|---|---|---|---|
| 1 | Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мазмұнына қойылатын талаптар | | |
| 1.1 | дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі | uzdik | |
| | | zhaqsy | 98 % |
| | | ortasha | |
| 1.2 | медициналық білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, мамандығы бойынша педагогтердің жалпы санынан қолданбалы бакалавриат (бакалавриат), магистратура деңгейі бар мейірбикелер қатарындағы педагогтер (оқытушылар) үлесі | | |
| 1.3 | дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын өнер және мәдениет саласында білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі | | 100 % |
| 1.4 | лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтер санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер және (немесе) магистрлердің үлесі (техникалық және кәсіптік білім беру үшін) | uzdik | |
| | | zhaqsy | |
| | | ortasha | 11 % |
| 1.5 | лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтер санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер және (немесе) магистрлердің үлесі (орта білімнен кейінгі білім беру үшін) | uzdik | |
| | | zhaqsy | |
| | | ortasha | |
| 1.6 | мамандықтың даярланатын біліктіліктері бойынша педагогтер (мамандық бойынша педагогтердің) санынан ұйымдарда және/немесе өндірісте соңғы 3 жылда көлемі кемінде 72 сағат тағылымдамадан өткен лицензиат негізгі жұмыс орны болып | uzdik | 85 % |
| | | zhaqsy | |
| | | ortasha | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | табылатын арнайы пәндер педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі | | |
| 1.7 | магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі | | |
| | | | |
| | | | |
| 1.8 | студенттердің тұруы үшін жағдайлар жасау, жеке не шаруашылық жүргізу, немесе жедел басқару, немесе сенімгерлік басқару құқығымен, немесе жатақханалардың, және/немесе хостелдердің және/немесе қонақ үйдің тұруын қамтамасыз ететін толық оқу кезеңіне жалға алу құқығымен тиесілі болуы | uzdik | |
| | | zhaqsy | |
| | | ortasha | |
| 1.9 | білім беру ұйымдары түлектерінің мамандық бойынша жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер, бұл ретте мамандық бойынша бітіру жылы ішінде бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқандардың және жұмыспен қамтылғандардың үлесі | uzdik | |
| | | zhaqsy | 74 % |
| | | ortasha | |
| 1.10 | Интернет желісіне қосылу | uzdik | Жылдамдығы 40 Мб/с асатын Интернет |
| | | zhaqsy | |
| | | ortasha | |
| 2. | Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар | | |
| 2.1 | Базалық және кәсіби модульдерді меңгеру | zhaqsy | білімді бақылау кесіндісінің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін пәндер бойынша оң жауаптардың үлесі 75 % |
| | | zhaqsy | |
| | | ortasha | |

**Директор** **Б.Ж.Қордашбеков**